

Ергөбек Ш.Қ., Саламатов Ш.Ж.

Кедендік кодекс кедендік қатынастарды реттеудегі негізгі қайнар көз ретінде

Мақалада бүгінгі таңдағы Қазақстан Республикасы Кеден ісі туралы Кодексі Қазақстан Республикасы кеден құқығының басты қайнар көзі ретінде зерттеліп талданды. Сонымен қатар, автор заңнамадағы соңғы өзгерістер мен толықтыруларға сай, кедендік заңнамадағы өзгерістерді қарастырады.

Түйін сөздер: Кеден Одағы, кеден қызметі, кеден органдары, құқықтық реттеу.

Ergobek Sh.K., Salamatov Sh.Zh.

Customs Code as the main source to regulate customs relations

Input a word in the article Code of the Republic of Kazakhstan «On Customs Affairs in the Republic of Kazakhstan» as a source of customs law of the Republic of Kazakhstan. And also the author reviewed recent changes in the customs legislation.

Key words: Customs Union, customs operations, the customs authorities, the legal regulation.

Ергөбек Ш.К., Саламатов Ш.Ж.

Таможенный кодекс как основной источник в регулировании таможенных отношений

В статье рассматривается Кодекс Республики Казахстан «О таможенном деле в Республике Казахстан» как источник таможенного права. Автором также рассмотрены последние изменения в таможенном законодательстве Республики Казахстан.

Ключевые слова: Таможенный союз, таможенная деятельность, таможенные органы, правовое регулирование.

**КЕДЕНДІК КОДЕКС
КЕДЕНДІК
ҚАТЫНАСТАРДЫ
РЕТТЕУДЕГІ НЕГІЗГІ
ҚАЙНАР КӨЗ РЕТІНДЕ**

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғанына биыл 24 жыл толады. Біздің елімізде өзіндік құқықтық жүйеміз қалыптасып жатыр. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабында «Қазақстан Республикасында қолданылатын құқық Конституцияның, соған сәйкес заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің, Республиканың халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерінің, сондай-ақ Республика Конституциялық Кеңесінің және Жоғарғы Соты нормативтік қаулыларының нормалары болып табылады. Конституцияның ең жоғары заңдық күші бар және Республиканың бүкіл аумағында ол тікелей қолданылады» деп жарияланды [1].

Қазіргі заманда құқықтың қайнар көздері туралы көптеген ғылыми көзқарастар бар. Осы ғылыми көзқарастарға байланысты ерте заманнан қазіргі уақытқа дейінгі негізгі ойды қалыптастырады. Құқықтың қайнар көзі туралы негізгі бағытта тарихи тұрғыдан қарасақ бірнеше ой-пікірлер туындайды. Соның барлығы бірнеше монография, оқулық, ғылыми статьяларда орын табуға.

Демократиялық қоғам мен құқықтық мемлекет құрып жатқан Қазақстан бүгінгі таңда жауапты да тарихи кезеңді бастан кешіруде. Әлеуметтік-экономикалық жаңару мен саяси демократияландырудың жаңа кезеңіне қадам басқан ел өмірінде көптеген маңызды әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық өзгерістер орын алды. Қатынастар жаңа қарқын алып, олардың мәні түбегейлі өзгерді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алуына байланысты еліміздің әлеуметтік, саяси, құқықтық және экономикалық өмірінің барлық саласы түгелімен өзгерді. Қоғамның жан-жақты даму процесінде ерекше орынды құқық, яғни Конституция мен нормативтік құқықтық актілер иеленеді. Онсыз құқықтық, демократиялық, әлеуметтік, зайырлы мемлекеттің құрылуы мүмкін емес.

Құқық қайнар көздері туралы мәселе құқық теориясы ғылымында басты орын алады және құқық түсінуде басты орынға ие. Кеңестік құқық ғылымында бұл мәселе кластық құқықтық түсінік төңірегінде зерттеліп, құқық қайнар көздерінің жүйесі нормативтік құқықтық актілердің жиынтығымен, яғни заң шығару жүйесімен алынып тасталып отырды.

Қазақстанның 1995 жылғы Конституциясында заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерімен қатар халықаралық шарттардың құқық қайнар көзі ретінде халықаралық құқықтың нормасы мен жалпы танылған қағидаларын бекіту барлық жалпы теориялық түсініктер мен құқық қайнар көздерін қайта саралауға себеп болды.

Еуразия құрлығының үлкен бөлігінде 80-жылдардың аяғы 90-жылдардың басында тоталитарлық империя – КСРО-ның қирауы, оның аумағында жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы процесі жүріп жатты. Бұл өте күрделі процесс болып, белгілі бір мерзімді қамтыды. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретіндегі құқықтық негіздің жасалуы оның КСРО құрамында болған дәуірінен басталды. 1990 жылы жарияланған «Қазақстан Советтік Социалистік Республиканың мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» [2] және 1991 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заңы [3] мемлекеттік тәуелсіздігінің құқықтық негіздерін қалады.

Сонымен, әлемнің геосаяси картасында жаңа тәуелсіз Қазақстан мемлекеті пайда болды. Қазақстан Республикасының Конституциясында биліктің негізгі көзі оны мекендеуші, өз атамекенінде мемлекеттік биліктің қайнар көзі оны басқа да ұлттық топтар болып табылады. Қазақ мемлекеттілігінің өркендеуінің басты бағыты Қазақстанда өмір сүретін халықтардың егемендігін, тәуелсіздігін, жер аумағын қорғау, елдің экономикалық өркендеуіне жол ашып халықаралық қауымдастықтың беделді мүшесіне айналдыру.

Әрбір мемлекет өзінің мәні мен бағытына сәйкес, өз құқық жүйесін және де сол құқық жүйесіне негізделген мемлекеттік басқару органдары құрылымын қалыптастырады. Өз мемлекеттілігін қайта қалпына келтірген тәуелсіз Қазақстан да жаңа құқықтық негізде жұмыс істейтін мемлекеттік басқару органдарын қалыптастыра бастады. Сол мемлекеттік атқарушы билік органдарының маңызды бір буыны – кеден органдарының қызметі.

Кеден органы қазіргі заманғы мемлекеттік басқарудың буыны болғандықтан өзінің нақты қызмет ету аумағына, өз құзіретіне ие болып отырады. Және қазіргі жалпы әлемдік ғаламдану процесі жүріп жатқан кезеңде мемлекеттік басқару жүйесіндегі кеден органының маңызы мен мәні артып, оған жүктелетін қызметтің де түрі мен бағыты үнемі өзгеріп, түптеп келгенде «кеден органы» түсінігінің өзі жаңаша мәнге ие болуда.

1991 жылы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығы бойынша елдің экономикалық мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстан Республикасының Кеден Комитеті құрылды. Құрылу сәтінен бастап, кеден ісі Қазақстан Республикасында экономиканың басқа да маңызды салаларымен бірге бір сатыда тұрды. Мемлекеттің кеден саясатын дұрыс және нәтижелі пайдалануы экономиканың басқа салаларының нәтижелі жұмысын бейнелейтін маңызды кезеңі болады. Осындай, кең көлемді мәселелер кеден ісі органдарының атқарып жатқан күнделікті қызметінсіз шешілмейді.

Кеден ісі Қазақстан Республикасында тауарларды және көлікті Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізуін, кеден дайындауын және бақылауын, кеден төлемдерді және салықтарды алуын, кеден тәртібін бұзушылармен күрес жүргізуін, кеден саясатының әр түрлі әдістерін қолдануын, мемлекет және сыртқы экономикалық және басқа әрекеттерді жүргізетін адамдар арасында әкімшілік қатынастарға негізделген кеден тәртібін, кеден саясатын жүзеге асырады.

1993 жылы 10 ақпанда Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасының шекарасынан тауарларды өткізу тәртібі және оларды ресми мәлімдеу» атты қаулы [4] шығарды. Бұл қаулы Қазақстан Республикасы Президентінің 25.01.92 жылы шыққан №585 «Қазақстан Республикасында экономиканы тұрақтандыру және нарықтық өзгертулерді кіргізу кезеңінде СЭҚ ұйымдастыру» атты жарлығын орындау мақсатымен шықты. Қаулыда анықталған: Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өтетін тауарлардың және басқа мүліктің СЭҚ шеңберінде ресми мәлімдеуі (декларациясы) болу керек, белгілеген бойынша – жүк кеден декларациясы. Мемлекетіміз егемендік алған уақытта, 1991 жылы 24 желтоқсанда кедендік тариф реттеу мәселелерін қарайтын «Кеден тарифі және салықтар туралы» заң шықты, 1991 жылы 12 желтоқсанда үкіметтің шешімдері бар, нормативтік Кодексіне сай әкімшілік заң бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасының Кеден Комитетін құру туралы» атты жарлығы шықты. Кеден ісінің құқықтық қамтамасыз етуі заң шығаратын актіде, 1995 жылы 20 шілдеде «Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен жүзеге асырылған. Кеден құқығының қайнар көздері 1998 жылы 24 наурызда қабылданған «Нормативті-құқықтық

актілер туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес жіктеледі және негізгі, негізгі емес болып бөлінеді. Бұл қатарда алдыңғы орында Қазақстан Республикасы Конституциясы, осыдан кейін заңдар, Президент Жарлықтары мен Қаулылары, Үкімет актілері, Кеден комитетінің актілері, құқықтық және кеден ісіне байланысты Қазақстан Республикасы қатысқан халықаралық шарттар мен келісімдер тұр. Соның ішінде 21-баптың мазмұнына үңілетін болсақ, әрбір адам заңдармен тікелей белгіленген жағдайлардан басқа реттерде еркін жүруге, тұрғылықты орнын таңдауға құқығы бар. Әркім республика аумағынан еркін кетуге және ешқандай кедергісіз оралуға құқығы бар. Ал 26-бапқа сәйкес әркімнің кәсіпкерлікпен айналысуға еркі бар, сонымен бірге өзінің мүлкін қандай да болсын заңды кәсіпкерлік қызметке пайдалану бостандығы бар. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» заң күші бар Жарлығының 19-бабы әрбір тұлғаға тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізуге және шығаруға бірдей құқық береді. Егер заңда тікелей көрсетілмесе, ешкімді де Қазақстан Республикасы аумағына тауарлар мен көлік құралдарын еркін кіргізу немесе шығару құқығынан айыруға немесе оны шектеуге болмайды. Ал Конституцияның 35-бабы заңда белгіленген салықтар, алымдар және басқа да төлемдердің міндетті екендігін анықтайды.

«Кеден ісі туралы» жарлық Қазақстан Республикасы бекіткен ТМД елдерінің заңнамаларының негізінде дайындалған. Қазіргі уақытта кеден органдары өз қызметінде 2010 жылы 30 маусымда шыққан Қазақстан Республикасының Кеден кодексінің [5] басшылыққа алған.

Кеден кодексі – ол тікелей әсер ететін құқықтық акті, сол себептен заң күшіндегі актілердің саны шектеліп азаяды. Кеден кодексінің негізгі нормалары: тауарлардың және көліктің кеден дайындау мен кеден бақылауға қажет құжаттарын анықтау, тауарлардың кейбір категориялары (түрлері) үшін арнайы кеден процедураларды (әрекеттерді) белгілеу. Басқару және бағалау жүйесін қолдану, лауазымды адамдардың, СЭҚ қатысушыларының және кеден қызметінің басқа адамдарының (кеден брокерлерінің, уақытша сақтау қойма иелерінің құқықтары мен міндеттерін және жауапкершілігін анық айыру), кеден төлемдерін есептеу, төлеу, қамтамасыз ету және қайтару мәселелерін талдап, тәртібін белгілеу қатынастарын реттейді.

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің

қолданысқа енгізу туралы» заң мақсаты сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар үшін өтпелі ережелерді ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексінің кезең-кезеңмен қолданысқа енгізу болып табылады.

2007 жылғы 6 қазанда Душанбе қаласында мемлекеттер басшыларының саммитінде қол жеткізген уағдаластықтарға сәйкес Беларусь, Қазақстан және Ресей сынды үш мемлекеттің шеңберінде Кеден одағын құру үшін бірыңғай мәмілелер жасалды. Осыдан кейін алдымызда кедендік тарифті және үшінші елдермен сыртқы сауданы реттеудің өзге шараларын, үшінші елдермен қарым-қатынаста сауда режимін, кедендік баждарды және баламалы күші бар өзге баждарды, салықтарды және алымдарды есептеу және бөлу тәртібін белгілеу туралы мәселелерді шешу міндеті тұрды. Сонымен қатар тауарларды декларациялау мен кедендік төлемдерді төлеу ережесін және кедендік режимдерді қоса алғанда, кедендік реттеудің біріздендірілген тәртібі де айқындалуы тиіс еді. Осындай мақсатты жүзеге асыру, яғни, кедендік реттеуді бірізділендіру мен оның Кеден одағының кедендік аумағында кедендік реттеудің бірыңғай құқықтық негіздерін құру үшін 2009 жылғы 27 қарашада Минск қаласында Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Мемлекет басшылары қабылдаған Кеден одағының Кеден кодексі әзірленді. Оны дайындаудың негізіне Киото қаласында қол қойылған 1999 жылғы редакциядағы Кедендік рәсімдерді үйлестіру мен оңайлатудың халықаралық конвенциясының нормалары алынды. Мұнда, Қазақстан бұл конвенцияға 2009 жылғы ақпанда қосылғанын атап өту қажет. Аталған конвенция Сыртқы экономикалық қызметке (СЭҚ) қатысушылар мен кеден қызметінің арасындағы өзара қарым-қатынастың негізгі принциптерін айқындайды. Ең бастысы, бұл принциптерде кедендік рәсімдеудің рәсімдерін оңайлату, бақылауды іріктеу жүйелеріне негізделген декларанттар мен кеден органдары арасындағы қарым-қатынастарды ырықтандыру, тәуекелдерді және посткедендік аудитті қолдану қаралған. Осы орайда Кеден одағына мүше мемлекеттер үшін Кеден одағының Кеден кодексінің және бірқатар халықаралық шарттар мен Кеден одағы комиссиясының шешімдерін қабылдауға байланысты тараптардың ұлттық кеден заңнамасын әзірлеуі үшін нормативтік құқықтық база құрылды. Атап айтқанда, кодекстің Жалпы бөлімінде кедендік реттеу және кеден органдары-

ның СЭҚ-қа қатысушылармен қарым-қатынасы саласындағы негізгі ережелер регламенттеледі. Ал Ерекше бөлім кедендік операцияларды жүргізуге, декларациялауға және кедендік рәсімдерге, кедендік төлемдерді есептеу мен өндіріп алу тәртібіне байланысты ережелерді, сондай-ақ кеден ісі саласындағы әкімшілдендіру, оның органдарында қызмет ету шарттары мен тәртібі бойынша ережелерді айқындайды. Осы құжат, яғни, жаңа Кеден кодексі 2010 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енген соң, Қазақстан Республикасы кеден органдарының практикасына жаңа түсініктер енгізілетін болады. Сөйтіп бірқатар құқықтық қатынастар жаңадан реттеледі [6].

Кедендік одақ және ТМД шеңберіндегі кодификациялық жұмыстар ішкі аспект болып табылады. Нақты кодификациялық жұмыстарды Кеден Одағы мен Тәуелсіз Елдер Достастығы сияқты біріккен мемлекеттердің аясында жүргізу ішкі аспект болып табылады. Рас, мұнда әрбір мемлекет өзінің егемендігі мен тәуелсіздігіне негізделуі мүмкін және негізделетін болады. Ұлттық заңдарды үйлестіру мақсатына осы жұмыстарды келісімді ұйымдастырғанда жетуге болады. Бұлай болмаған жағдайда, әңгіме модельді заңдар әрекетінің қандай да бір мемлекеттерде таралуы туралы, бұл ішкі мемлекеттік процедураларын, ратификациямен бірге, қосымша орындауға әкеліп соқтырады, не олардың толық көлемде, өзгеріссіз, ұлттық актілер түрінде рәсімделген күйінде қабылдануы туралы болмақ. Ұлттық заңдарды үйлестіру мақсатына қол жеткізуде бірлескен жұмыстардың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда, мемлекеттің ішкі процедураларын қосымша өзгертуге тура келеді. Моделдік заң жобаларын қабылдағаннан кейін оларға сәйкесінше түсіндірме беруге тырысу керек. Себебі, олар, құқықтық тәжірибе көрсеткендей, дер кезінде және қысқа мерзімде пайдаланылмай қалуы мүмкін. Қазақстанда кеден саясаты мен кеден ісін біріктіретін кеден саласын қызметтендіру тек қана егеменді елдерге тән, бұл халықаралық кеден заңында қолданылатын құқықтық ұғымдарға кейбір түзетулер енгізуді талап етеді. Сонымен қатар, кеден ісін әрбір мемлекеттің кеден саясаты мен кеден саласының мақсаттары мен міндеттеріне жетудің құралы ретінде қарастыру керек. Осындай тәсіл арқылы Кеден Одағына кіретін мемлекеттердің құқығына қысым жасамай-ақ, оның аумағында бірлесіп жұмыс істеу, не тіпті кеден ісі мен оның құрамдас бөліктерін біріктіру туралы батыл айтуымыз қажет. Бұл ретте кедендік одақ шеңберіндегі кеден ісінің және оның құрамдас бөлігінің

бірігуі немесе бірлескен жұмысы жайлы айқын айтуға болады. Бірақ, бұл жерде Одаққа кіретін мемлекеттердің құқықтары ескерілуі қажет [7].

Қазақстан Республикасының кеден ісі туралы Кодексінің 3-бабында анықталғандай: «Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және мыналардан: осы Кодекстен; қабылдануы осы Кодексте көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодекстегіден өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. Егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, кедендік декларацияны немесе өзге де кедендік құжаттарды тіркеу күні қолданылатын кеден ісі саласындағы кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер, Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамалары қолданылады. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген талаптарды бұза отырып, Кеден одағының кедендік шекарасы арқылы тауарлар өткізілген кезде, егер осы Кодексте өзгеше белгіленбесе, тауарлар Кеден одағының кедендік шекарасын іс жүзінде кесіп өткен күні қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамасы, кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер қолданылады. Егер Кеден одағының кедендік шекарасын тауарлар іс жүзінде кесіп өткен күн белгіленбесе, белгіленген талаптарды бұзушылықтар анықталған күні қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден және салық заңнамалары, кедендік-тарифтік реттеу шаралары, тыйым салулар мен шектеулер қолданылады. Осы Кодекс Қазақстан Республикасындағы кеден ісінің құқықтық, экономикалық және ұйымдық негіздерін айқындайды және Қазақстан Республикасының егемендігі мен экономикалық қауіпсіздігін қорғауға, Қазақстан экономикасының дүниежүзілік экономикалық қатынастар жүйесіндегі байланыстарын жандандыруға және сыртқы экономикалық қызметті ырықтандыруға бағытталған» [5].

Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында [8] Кеден заңнамасы кедендік ережелер мен рәсімдерде халықаралық сауданы және алмасуды дамытуға кедергі келтіретін алшақтықтарды жою және артық әкімшілік кедергілерді азайту

мақсатында мүдделі тараптарға барлық қажетті ақпарат берілуі тиіс, деп көрсетілген. Бұл ретте, «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы кодексінің 10-бабында кеден органдарының негізгі міндеттерінің бірі ретінде кеден ісі саласында ақпарат және кеңес беруді өтеусіз жүзеге асыру белгіленген. Аталған міндеттерді жүзеге асыру үшін, кеден органдарымен мүдделі тұлғаларға ақпарат және кеңес беру мәселелері Кодекстің арнайы 4-тарауында қарастырылған. Кеден органдары мүдделі тұлғаларға Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына қатысты мәселелер және кеден органдарының құзыретіне кіретін өзге де мәселелер бойынша кеңестер береді. Кеден органдарының кеңес беруі ауызша және жазбаша нысандарда тегін жүзеге асырылады. Кеден органы мүдделі тұлғаның жазбаша сауал салуы бойынша ақпаратты мүмкіндігінше қысқа мерзімде жазбаша нысанда, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімнен кешіктірмей беруге міндетті. Кеңес беру кезінде кеден органдарының лауазымды адамдары кеден органының атынан кедендік декларацияларды және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес кеден органына ұсынылуға жататын өзге де құжаттарды тексермейді, сондай-ақ мұндай кедендік декларациялар мен құжаттарды жасамайды. Бұл ретте, кеңес беруді жүргізу кезінде мүдделі тұлғаларға берілген ақпарат тауарларға қатысты кедендік операцияларды жасау кезінде кеден органының немесе оның лауазымды адамының шешім қабылдауы немесе іс-әрекет (әрекетсіздік) жасауы үшін негіздеме болып табылмайтындығын ескеру қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру ресми және өзге де мерзімдік баспасөз басылымдарында Қазақстан Республикасы кеден заңнамасының

нормативтік-құқықтық актілерін жариялау жолымен, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, олар туралы ақпаратты телевизия және радио арқылы жалпы жұрттың назарына жеткізу жолымен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпараттандыру ауызша түсіндірулер мен хабарландырулар, ақпараттық стендтер, табло, буклеттер және өзге де баспа материалдары, сондай-ақ бейне-, дыбыс және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпарат тарату үшін қолданылатын басқа да техникалық құралдар пайдаланыла отырып, оның ішінде көпшіліктің қолы жетімді және тегін таныстырылатын мынадай жерлерде: кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде; әуежайларда, теміржол және автомобиль станцияларында, су порттарында; халықаралық тасымалдарды орындайтын көлік құралдарында; кедендік бақылау аймақтарында, сондай-ақ кеден органдары айқындайтын өзге де жерлерде жүзеге асырады. Кеден органдары тұлғалардың ресми интернет-ресурстарында орналастырылған Қазақстан Республикасының кеден заңнамасы туралы ақпаратқа олардың кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді [9].

Қорыта айтарымыз, Қазақстанның өзге мемлекеттермен кедендік қарым-қатынастары, әрқилы кедендік келісімдер жасауы, халықаралық кедендік ұжымдарға мүше болуы, Кедендік одақтарға кіруі, т.б. жағдаяттары оның кеден органдарының құқықтық мәртебесі мәселелеріне, кеден құқығы нормаларына терең әсер етері сөзсіз. Қазақстан Республикасының кеден қызметін дамыту және кеден қызметін халықаралық стандарттар мен Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі талаптарға сәйкес келтіру мақсатында құқықтық базаны одан әрі жаңғырту ісін жалғастыруымыз қажет.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30.08.1995 ж. – Алматы: «Норма М», 2015. – 40 б.
- 2 «Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы» 1990 жыл 25 қазан
- 3 Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы. 1991 жылы 16 желтоқсан
- 4 Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті «Қазақстан Республикасының шекарасынан тауарларды өткізу тәртібі және оларды ресми мәлімдеу» қаулысы 1993 жыл 10 ақпан
- 5 Қазақстан Республикасының Кеден ісі туралы Кодексі 2010 жыл 30 маусым
- 6 Смайылов Б. Жаңа Кеден Кодексі бұл еліміздің интеграциялық мүмкіндіктеріне жол ашады <http://egemen.kz/old/2010/?p=8404>
- 7 Әлібеков С.Т. Қазақстан Республикасының кеден құқығы: Оқулық. – Алматы: Нұр-пресс, 2007. – 267 б.

- 8 «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 24 тамыз 2009 ж. № 858 санды Жарлығы// Егемен Қазақстан-28 тамыз 2009 ж.
- 9 Тленшин Т. Кеден заңнамасын түсіндіру мәселелері <http://ontustik.gov.kz/ru/node/4450>

References

- 1 Kazakstan Respublikasynyn Konstitucijasy. 30.08.1995 zh. – Almaty: «Norma M», 2015 zh. – 40 b.
- 2 «Kazakstan Sovettik Socialistik Respublikanyn memlekettik egemendigi turaly Deklaracijasy» 1990 zhyl 25 kazan
- 3 Kazakstan Respublikasynyn «Memlekettik tәuelsizdigi turaly» Zany. 1991 zhyly 16 zheltoksan
- 4 Kazakstan Respublikasynyn Ministrler Kabineti «Kazakstan Respublikasynyn shekarasynan tauarlardy өtkizu tәrtibi zhәne olardy resmi mәlimdeu» kaulysy 1993 zhyl 10 akpan
- 5 Kazakstan Respublikasynyn Keden isi turaly Kodeksi 2010 zhyl 30 mausym
- 6 Smajylov B. Zhana Keden Kodeksi bәl elimizdin integracijalyk m҃mkindikterine zhol ashady <http://egemen.kz/old/2010/?p=8404>
- 7 Әlibekov S. T. Kazakstan Respublikasynyn keden k҃kygy: Okulyk. –Almaty: – N҃r-press, 2007. – 267 b.
- 8 Kazakstan Respublikasynyn 2010 zhyldan 2020 zhyлга dejingi kezenge arналган K҃kyktyk sajasat tyzhyrymdamasy» Ka-zakstan Respublikasy Prezidentinin 24 тамыз 2009 zh. № 858 sandy Zharlygy// Egemem Kazakstan-28 тамыз 2009 zh.
- 9 Tlenshin T. Keden zannamasyn t҃sindiru mәseleleri <http://ontustik.gov.kz/ru/node/4450>